Ұйымдастырушы "Мұнайлы аудандық тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі өткізген №14035344-1 «Мұнайлы ауданы шегінде бағдаршам орнату іске қосу жұмыстары» конкурсы бойынша 03.03.2025 жылғы Қорытынды туралы хаттамамен келіспейміз. Келіспейтін себебіміз төменде көрсетілді.

Осы конкурсқа жіберілген Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің ішінде:

**-«Амаль и Б»** - конкурс құжаттамасында талап етілген **Манипулятордың** орнына **Автокран** салынған және **Бортовой автомобиль с грузоподъемностью не менее 3,5 тонн** орнына **Самосвал** (2 бірлік) салынған;

Еңбек ресурстары бойынша:

-**Мастер участка**- біліктілік құжаттары түгел емес.

**-«Paradise Kazakhstan»** - конкурс құжаттамасында талап етілген **Бортовой автомобиль с грузоподъемностью не менее 3,5 тонн** орнына **Самосвал Зил ММЗ 554** салынған, **Передвижной генератор**, **Заливщик швов** және **Швонорез**- тек қана накладнойлары салынған, нақты товарды сатып алғанын анықтайтын құжаттары жалғанбаған.

Сол себепті, жоғарыда көрсетілген негіз бойынша Қорытындылар туралы хаттамамен келіспейтінімізді және конкурс қорытындысын қайта қарауыңызды сұраймын.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидасының 78-тармағында көрсетілген: **Егер конкурстық құжаттамада еңбек ресурстарының болуы жөніндегі талап қамтылған жағдайда, онда еңбек ресурстарының болуы қызметкердің біліктілігі туралы құжаттың электрондық көшірмесімен, сондай-ақ электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы расталады.**

**Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республика Қаржы министрінің 2024 жылғы 9-қазандағы №687 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 9-қазанда №35238 болып тіркелді. Осы бұйрық қолданысқа 01.01.2025 ж. бастап енгізілді.**

«CaspiBrandMaster» ЖШС-і басшысы Нурлыкулова Н. К.